

КЕЛІСЕМІН
Шығыс Қазақстан облысы
Мәдениет басқармасының басшысы


« » **С. Касенов**
2026 жыл

БЕКІТЕМІН
А.С. Пушкин атындағы Шығыс
Қазақстан облыстық кітапхана
директоры


« » **Н. Тлеубекова**
2026 жыл

«Кітап оқитын ұлт» облыстық кітап оқу марафонын өткізу туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Шығыс Қазақстан облысында өткізілетін «Кітап оқитын ұлт» облыстық кітап оқу марафонын (бұдан әрі – Марафон) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Марафон Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 16 мамырдағы № 1279 «Оқу мәдениетін дамыту және оқитын ұлтты қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы аясында өткізіледі және Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарының оқу мәдениетін дамытуға, әдебиет пен жергілікті авторлардың шығармашылығын насихаттауға, білім мен мәдени құндылықтарға қызығушылықты арттыруға, сондай-ақ қоғамның зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған.

1.3. Марафонның ұйымдастырушылары Шығыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы, облыс кітапханалары және басқа да мүдделі ұйымдар.

1.4. Марафон 2026 жылғы қыркүйек айынан 2027 жылғы сәуір айына дейін өткізіледі.

1.5. Марафонға жас ерекшелігіне, әлеуметтік мәртебесіне және қызмет саласына қарамастан Шығыс Қазақстан облысының барлық тұрғындары қатыса алады.

2. Марафонның мақсаты мен міндеттері

2.1. Марафонның негізгі мақсаты:

Кітап оқу мәдениетін дамыту, кітап оқуды кеңінен насихаттау, тұрғындардың білімге және әдебиетке қызығушылығын арттыру арқылы өңірдің зияткерлік, рухани және мәдени әлеуетін қалыптастыру.

2.2. Марафонның міндеттері:

- халық арасында кітап оқуды тұрақты әдетке айналдыру;
- барлық жас санаттары арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру;

- қазақ әдебиетін, Қазақстан тарихы мен мәдениетіне арналған, сондай-ақ жерлес авторлардың шығармаларын кеңінен насихаттау;
- әлем әдебиетінің үздік туындыларын оқуға ынталандыру;
- оқырмандардың сыни, талдамалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;
- кітапханалардың қоғамдағы ағартушылық және мәдени рөлін арттыру;
- отбасылық кітап оқу дәстүрін қалыптастыруға ықпал ету;
- балалар мен жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
- әдеби пікірталас, кітап талқылауы және оқырмандық қауымдастықтар мәдениетін дамыту;
- өңірдегі белсенді оқырмандарды анықтау және ынталандыру;
- Шығыс Қазақстан облысында кітап оқу ортасын қалыптастыру;
- кітап оқу арқылы тұрғындардың білім деңгейін және мәдени белсенділігін арттыру.

3. Марафонның бағыттары мен қатысушылары

Марафон келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

- «Үздік оқырман оқушы» – 6-10 сынып оқушылары;
- «Үздік оқырман студент» – колледж, университет студенттері;
- «Үздік оқырман оқытушы» – мектеп, колледж, университет мұғалімдері мен оқытушылары;
- «Үздік оқырман әулет» – 3–5 адамнан тұратын отбасы;
- «Инклюзивті ортадағы үздік оқырман» – ерекше қажеттілікті талап ететін оқырмандар;
- «Үздік оқырман қызметкер» – кез-келген мекеме қызметкері.

4. Марафонды өткізу мерзімі мен кезеңдері

4.1. Марафонның өткізілу мерзімі: 2026 жылғы қыркүйек – 2027 жылғы сәуір.

4.2. Марафон шартты түрде мынадай кезеңдерден тұрады:

- Жобаның басталуы және қатысушыларды тіркеу – 2026 жылғы қыркүйек;
- Кітап оқу кезеңі – 2026 жылғы қыркүйек – 2027 жылғы наурыз;
- Тестілеу – 2027 жылғы сәуір;
- Гранд-финал және жеңімпаздарды марапаттау – 2027 жылғы сәуір (Ұлттық кітап күні аясында)

5. Марафонның мазмұны мен өткізу тәртібі

5.1. Марафонға қатысушылар ұйымдастыру комитеті ұсынған әдеби шығармаларды оқиды.

5.2. Оқуға ұсынылатын кітаптар тізімі қатысушылардың жас ерекшелігі, білім деңгейі, әдеби-танымдық мазмұны және Марафонның мақсаттары ескеріле отырып қалыптастырылады.

5.3. Кітаптар тізімі қазақ (оның ішінде жерлес авторлардың) және әлем әдебиетінің таңдаулы шығармаларынан, сондай-ақ Қазақстанның тарихы, мәдениеті мен рухани құндылықтарын танытатын әдебиеттерден құралады.

5.4. Марафонның қорытынды нәтижелерін анықтау мақсатында қатысушылар оқыған шығармалары бойынша онлайн немесе офлайн тестілеуге қатысады.

6. Марафонды ұйымдастыру

6.1. Марафонды ұйымдастыру және үйлестіру үшін облыстық ұйымдастыру комитеті құрылады.

6.2. Ұйымдастыру комитетінің құрамына мәдениет, кітапхана, білім беру салаларының мамандары, әдебиеттанушылар, жазушылар, қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сондай-ақ басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдері енеді.

6.3. Ұйымдастыру комитеті:

- Марафонның жалпы ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді;
- Марафонның күнтізбелік жоспарын бекітеді;
- оқуға ұсынылатын кітаптар тізімін қалыптастырады;
- қатысушыларды тіркеу және есепке алу тәртібін айқындайды;
- Марафонның ақпараттық сүйемелдеуін ұйымдастырады;
- тестілеуді өткізеді;
- нәтижелерді жинақтайды және саралайды;
- жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды;
- қорытынды іс-шараны ұйымдастырады;
- Марафон барысында туындайтын ұйымдастырушылық мәселелерді шешеді.

6.4. Марафонды өткізуге аудандық және қалалық кітапханалар, білім беру ұйымдары, жоғары және техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдары және басқа да ұйымдар тартылады.

7. Нәтижелерді бағалау критерийлері

Марафон нәтижелерін бағалау кезінде тест нәтижесі басты көрсеткіш болып табылады.

8. Марапаттау

8.1. Марафон қорытындысы бойынша әр бағытта ең белсенді және жоғары нәтиже көрсеткен қатысушылар анықталады.

8.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ұйымдастыру комитетінің шешімі негізінде анықталады.

8.3. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар, алғыс хаттар, сертификаттар, естелік сыйлықтар мен ақшалай жүлделер табысталады.

8.4. Жүлде қоры ұйымдастыру комитетінің шешімімен және қолданыстағы қаржыландыру мүмкіндіктеріне сәйкес айқындалады.

9. Ақпараттық сүйемелдеу

9.1. Марафон туралы ақпарат облыстық және аудандық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында, кітапханалардың, білім беру ұйымдарының және басқа да ұйымдастырушы мекемелердің ресми интернет-ресурстары мен әлеуметтік желілерінде жарияланады.

9.2. Марафон барысында қатысушылардың жетістіктері, кітап оқу барысы, өткізілген іс-шаралар және қорытынды нәтижелер туралы ақпарат жарияланады.

Байланыс үшін:

1. Шығыс Қазақстан облыстық А.С. Пушкин атындағы кітапханасы – Ашкенова Жансая Сағидоллақызы, 8 777 414 3308.
2. Шығыс Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер кітапханасы - Китапбаева Динара Айткаримовна, 8 777 852 9070.
3. Шығыс Қазақстан облыстық зағип жандарға арналған мамандандырылған кітапхана – Дементьева Елена Викторовна, 8 705 417 1346.